

**Темиргалинова Асель Каиргельдиновнаның «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «ЖОО-ның полиэтникалық ортасында болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА**

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі білім мен ғылым кеңістігінде әлемдік, отандық тағылым этнопедагогика ілімінде көкейкестілік ретінде этнопедагогикалық коммуникация, этнология, педагогика, психология және жалпы қоғамдық ғылымаралық байланыстардың арасындағы мәселелер орын алып отыр. Президентіміз Қасым – Жомарт Тоқаев: «Біздер өзіміздің ұлттық бірегейлігімізді тұрақтандыруымыз кезек күттірмейтін мәселе екеніне тоқталып, ұлтымыз табыстылыққа қол жеткізіп, нұсқалы істерді меңгеріп, өзіміздің қиялымызға тұтқын болмауымызға» мән береді.

Бұндай күрделі көкейкесті мәселелерді шешу қажеттілігіне дейін этнопедагогика нысанының ғылыми-зерттеу еңбектерінің қоғамға қосқан үлестері айтарлықтай. Әртарапты тақырыптарға отандық, ресейлік, шетел ғалымдарының еңбектеріндегі ғылымға тигізер ықпалы зор. Десек те, ұлтаралық білім мен ұлтаралық мәдениеттің интегральді мүмкіндігі парадигмалық тұрғыда жүзеге асырылуында әр ұлттың коммуникациясы ортақ тіл табысу мәнінде ұлттар арасындағы конфликтілерді болдырмау консенсусы бүкіләлемдік глобальді маңызға ие екені зерттеу барысында байқалды. Мұның басты себебі педагогика мен психология және лингвистикалық қазіргі іргелі, қолданбалы ғылымдардың коммуникациясындағы теорияның тәжірибедегі көрінісіне негізделген прагматикалық қабілет өте әлсіз деңгейде екендігі анықталды.

XXI ғасырдың Бүкіләлемдік декларациясында жоғары оқу орны білімді адам құқығын сақтау, жариялылық, дамудың тұрақтылығы мен әлемдік бейбітшілік сақтауға мән берілген. XXI ғасырда болашақ қоғам дүниетанымының анықталуын, парадигмалық тұрғыда ғылым мен білім меңгеруге, ұлттық құндылықтармен қатар әлемдік құндылықтарды қатарына меңгеруге бұл құжаттың көмегі ерекше.

Этнопедагогика және этномәдени білім мәселелері жаңа зерттеу нысаны емес екені анықталды. Сондықтан Дж. Берридің, Г. Триандистің, В. А. Ясвиннің және әлеуметтік ортаға және тұлғалардың бейімделу мен әлеуметтік мәдени ортаға, білім беру ортаға ықпал жасау мәселелерін зерделегені талдау барысында байқалды.

Ортақтылық тұрақты коммуникативтік диалогқа түсу – біріктірілетін және оған қайталанбас өзіндік ерекшелік берілетін бірқатар жалпы семиотикалық (белгілерге) қабілетке ие адамдардың жиынтығы ғана полиэтникалық орта құрайтыны біздің еңбегіміздің екпін жасар нысаны. Этникалық ынтымақтастық Жоғары Оқу Орнындағы болашақ педагогтардың ерік-жігері мен санасына қарамастан, қоғамдық өндіріс пен қоғамдық даму қажеттілігінің нәтижесінде тарихи желіден пайда болатынына бірқатар

зерттеушілердің еңбектері - қозғаушы күш. Мәселен, Berry John W. ескіден алынған санада білімалушылардың психологиясындағы мәдениетінің өрістеу динамикасындағы тарихи үзіліссіздіктің қандай деңгейде дегенге тұғырлы тұжырым айтып, ең құнды деген ізгі істерге бастар ерік-жігердің атқарар рөлін ашқаны біздердің еңбектерімізге үлгі өзінің еңбегінде мәдени білім беру кеңістігіндегі дивергенттік деңгейге ілгерілеудің маңызын айқындаған. Сыртқы әрекеттен гөрі әрбір индивидуумның ішкі қозғаушы күші білімді құндылық ретінде мәдени қарым – қатынас құралына тиімді қолдануға бағам жасағаны байқалды.

Gorski P. өзінің зерттеу жұмысында білімалушының қызығушылық уәжін арттыру амалдарына маңыз беретіні басымдықта екеніне екпін жасап, оның келген деңгейіне қатысты білім алу үдерісіне қажеттіліктерін ояту іс-әрекеті ішкі пайымдамаға ықпал жасауына бағдар беру қарастырылған. Жоғарыдағы шетел зерттеушілерінің еңбектерін талдау барысында біздер «этнопедагогика» ұғымын кездестіру мүмкін еместігін аңғардық. Аталған ұғымның орнына «мәдениет бағытындағы коммуникативтік категория» және «білім меңгеру», «психология», «психологияның тарихы» тәрізді категорияларды кездестірдік.

Berry John W. Еңбектеріндегі мәдени нысанды тарихпен байланыстырып, оның адам психологиясына ықпал ету тұрғысында зерделені халықымыздың жеті ата шежіресіне маңыз беруінің қаншалықты құндылығы бар екеніне мән береміз.

Жаһандану кеңістігінде адамдар әртүрлі қызмет арнасында бір-біріне ықпал ету үдерісі ұлғая түсуде. Мұның өзі соңғы жырдары ұлтаралық коммуникативті қарым-қатынасты күрделендіруге себеп болып отыр. Қазақстандық білім жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігіне қатысты зерттеу жүргізген Б. Т. Кенжебеков, М. Беркимбаев, Б. А. Жетпісбаева.

Әлеуметтік құзыреттің мәнділігі, құрылымы, мазмұнының ғылыми-педагогикалық тағылымын зерттеген Г. Ж. Меңлібекова. Қазақстан және Германия елдерінің этнопедагогикасын салыстырмалы тұрғыда зерделеп, оның ұқсас және ерекшеліктеріне түзілімдік сараптама жүргізген ғалым – Б. А. Жетпісбаева.

В. А. Ясвин білім беру ортасында модельдеуден проектилеуге дейінгі құрылым – жүйесінің ғылыми негізіне екпін жасаған зерттеуші. Бұл зерттеудің басымдық тұсы модельге жетудің мәнділігі мен оның проектилеу үдерісіне субстанциялық қызметін анықтай алу шеберлікке тоқталғаны жұмыстың нәтижеге жүйемен жүргізуіне бағамдалған (П. Б. Сейітқазы, Д. Ю. Мутанова).

Дегенмен, коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілікті болашақ педагогтардың өздігінен білім арқылы қалыптастыруы тұрғысында зерттелген жұмыстар жоқтың қасы. Ал жоғары оқу орнының полиэтникалық орта туғызу үдерісі жайлы арнайы қарастырылған еңбекті кездестіру қиын. Бүгінгі болашақ педагогтардың құзыреттілігін түбірімен өзгерту мәселелері аталып отырған зерттеу еңбегіміздің көкейкестілігінің өткір екеніне күмән

келтірмесі сөзсіз. Бұл орайда, тоталитарлық білім жүйесінен мүлдем басқа білім парадигмасы тұрғысында әрбір болашақ педагогтың өздігінен білім мен оған сәйкес ғылыми негіздеме құруы және оны ұдайы өркендету траекториясын бағамдауы маңызды болып отырғаны еңбегіміздің кілтті тұсы демекпіз.

Жоғарыдағы зерттеушілер еңбектерін талдау барысында біздер төмендегідей қайшылықтарды анықтадық:

- Жоғары оқу орнында болашақ педагогтарға полиэтникалық орта туғызу мен оның білім мен оқыту мазмұнында қарастырылып, тәжірибеде қолдануының арасында;

- Болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру мен оның тағылымдық мәнінің тұтас зерттелмеуінің арасында;

- Жоғарыдағы проблемаларды шешу үдерісінде парадигманың атқарар қызметінің айқындалуы және оны жүзеге асыру моделінің қажеттілігі мен білімденудің технологияларын тиімді қолдануының арасындағы қайшылықтар зерттеу проблемасын анықтап, тақырыпты «ЖОО-ның полиэтникалық ортасында болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру» деп таңдауымызға себеп болды.

Зерттеудің мақсаты: ЖОО-ның полиэтникалық ортасында болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеу және оны жүзеге асыруды эксперименттен өткізу.

Зерттеудің нысаны: жоғары кәсіптік білім беру жүйесі.

Зерттеудің пәні: болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі.

Зерттеудің болжамы: егер жоғары оқу орнында болашақ педагогтарға полиэтникалық орта туғызылса, ол білім мен оқыту мазмұнында қарастырылса, болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде тағылымдық мәні тұтас қамтылса, онда мәселеліктерді шешудің парадигмалары айқындалып, оны іске асырудың моделі білімденудің технологияларымен құрылса, онда болашақ педагогтардың полиэтникалық ортасында коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттіліктерін мәдени білім беру жүйесінде кеңінен маңыз берілер еді, ал бұл үдеріс бүкіләлемдік қарым-қатынас түсінулеріне мүмкіндік беріп, қазіргі конфликтілердің болмауына, ұлтаралық келісім жасауға мол мүмкіндік туғызады.

Зерттеудің міндеттері:

- 1 ЖОО-ның болашақ педагогтарының этномәдени, коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін біліктіліктің заман талабына сәйкестілігін зерделеу және талдау.

- 2 Полиэтникалық ортасында болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігінің қалыптастыру мәнін анықтау.

3 Полиэтникалық ортасында болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін көп мәдениетті білім беру мүмкіндігін айқындау.

4. Полиэтникалық жоғары оқу орнында болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделін құру;

5. Болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру, оның әдістерін, формалары мен технологияларын анықтай отырып, университеттің оқу-тәрбие процесін этнопедагогизациялау жұмыстарының жүйесін ашу.

6 Кейс әдісімен болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың авторлық моделін ұсыну.

7 ЖОО-нында полиэтникалық ортасында болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру моделінің тиімді іске асырылуын талдап, оны эксперименттерден өткізу.

Зерттеудің жетекші идеясы:

ЖОО-ның полиэтникалық ортасында болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру студенттердің көпэтникалық білім беру ортасының әлеуетін және қажетті сапаны қалыптастыру бойынша мақсатты әзірленген жүйені пайдалану негізінде қоғамда табысты өмір сүру үшін және тиімді кәсіби қызмет үшін қажетті тиімді этносаралық өзара іс-қимыл дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық- әдіснамалық негізі:

- Бүгінгі күнге дейін ұлттық білім мен тәрбие біртұтас қарастырып, оның әлемдік деңгейге қызмет етер тұстарын тағылымдық деңгейін зерттеп, концентуалдық тұғыр жасауға озық идеяға бағдарланған зерттеушілер (И. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Жұмабаев және т.б.)

- Диалектикалық заңдылықта білім берудің этникалық бірлігін зерттеген ғалымдар (Ю. В. Бромлей және т.б.); мәдени ортаға ықпал жасау концепциясын құрған ғалымдар (М. М. Бахтин, В. С. Библер және т.б.).

- Жүйелі тұрғыда жұмысты білім беру кеңістігінде ұйымдастыруды зерттеген ғалымдар (К. Я. Вазина, В. П. Беспалько және т. б.)

- Қызметтік-іс жүргізу мәселелерін зерттеген ғалымдар (Б. Г. Ананьев, С. Л. Рубинштейн, Ж. Аймауытов, А. Н. Леонтьев және т.б.)

- Этнопедагогикаландыру тұрғысында зерттеген ғалымдар (Г. Н. Волков, С. А. Ұзақбаева, С. К. Қалиев, Қ. Б. Жарықбаев және т.б.) этномәдени концепциясының білім мен тәрбиені тұтас алу мүмкіндігін зерттегендер К. Ж. Қожахметова және т.б.

Зерттеу жұмысының мақсаты, міндеттері логикалық ұстанымы төмендегідей өнімді әдістердің білімдену технологиялық қызмет етер түрлері анықталды, ғылыми жұмыстардың феномендігін ашатын талдау жүргізілді, бұл құжаттарды саралап есеп беруде қызмет етті. Проблемалық,

модуль-ақпараттық және т.б. білімдену технологияларына эмпирикалық, эвристикалық, алгоритмдік зерттеу және т.б. қамтылды.

Зерттеу үдерісі үш кезенді қамтиды, біріншісі – ізденісті тағылымдық кезең (2017-2018 ж.ж.). Бұл кезеңде әдебиеттерге талдау жүргізілді және нормативті-құқық құжаттарының тақырыпқа сәйкес келер тұстары зерттелді. Мұның өзі проблеманың өрісі мен категориялық аппаратын айқындауға көмек беріп, жұмыстың одан әрі ілгерілеуіне ықпал етті. Мақсаты, пәні, міндеттері, зерттеудің логикалық құрылымы, оны іске асыратын технологиялары, тиімді әдістері айқындалды. Бұдан басқа, зерттеу пәнін дәл анықтап, оның нәтижеге бағдарлануын ескеріп, нәтижесін саралауға толықтай дерлік нұсқаны түйсінуге қозғаушы күш көрсетті.

Екінші кезеңде (2018-2021 ж.ж.) тағылым дәрежесінің экспериментін анықтаушы және қалыптастырушы деңгейлерін өткізу қарастырылды. Бұнда болашақ педагогтардың полиэтникалық ортасында коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі сынақтан өткізілді.

Үшінші кезеңде (2021-2023 ж.ж.) алынған нәтижелер жүйеленіп, қорытылып, жетістігі мен кемшіліктері түзілімделіп, түзетулер жасалды. Мұның өзі зерттеу үдерісінің барлық кезеңдеріндегі дәлме-дәл көріністерді бағамдауымызға жол ашты. Соңында зерттеу үдерісіне қатысты әдебиеттерді түзу жұмысы атқарылды.

Зерттеу көздері білім және ғылым мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттары (заңдар, Президент жарлықтары, ҚР Үкіметінің қаулылары); білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын мемлекеттік бағдарламалар мен тұжырымдамалар; философиялық, психологиялық-педагогикалық ғылыми еңбектер; ғылыми мерзімді журналдарда және ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында жарияланған мақалалар болды.

Зерттеудің әдістері:

- теориялық әдістер: зерттелетін мәселе бойынша ғылыми еңбектерді талдау; заңнамалық және нормативтік құжаттарды, статистикалық деректерді талдау;

- эмпирикалық әдістер: әңгіме, сауалнама, педагогикалық бақылау, эксперимент;

- статистикалық әдістер: алынған педагогикалық деректерді өңдеу.

Зерттеудің эксперименттік базасы ретінде «Торайғыров университеті» КЕАҰ (Павлодар, Қазақстан), Ресей халықтар достығы университеті (Мәскеу, Ресей), Фракия Демокрит университеті (Комотини, Греция), Севастополь мемлекеттік университеті (Севастополь, Ресей), әрбір университеттегі топ 100 бен 110 адамнан тұрады, жалпы қатысушылар саны 430 адам.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Біз алғаш рет ғылыми айналымға еніп, коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілік ұғымын анықтадық; зерттеу объектісі контекстінде полиэтникалық білім беру ортасының авторлық түсіндірмесі баяндалды, оның даму әлеуеті негізделді. Сондай-ақ, автор арнайы әзірлеген университеттің полиэтникалық ортасында болашақ

педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық моделі және орталық құрамдас бөлігі университеттің көпэтносты білім беру ортасында болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін дамытудың кейс-әдісі болып табылады. Өзірленген жұмыс жүйесі жоғары оқу орнының оқу процесін этнопедагогизациялауды көздейді.

Бұл жұмыстың теориялық маңыздылығы қазіргі университеттің полиэтникалық білім беру ортасында болашақ педагогтардың коммуникативтік, этномәдени, этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруды зерттеу шеңберін кеңейтумен байланысты, бұл «коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілік», «коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілікті қалыптастыру» ұғымдарын тұжырымдауға және ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік берді. Диссертацияның негізгі тұжырымдамасы – «полиэтникалық білім беру ортасы» тақырыптар мен мәселелер бойынша ұқсас зерттеулерді зерттеу негізінде жасалған іргелес ұғымдарды талдау негізінде нақтыланды.

Зерттеудің практикалық құндылығы

Болашақ педагогтармен полиэтникалық білім беру ортасында жұмыс істеудің ұсынылған әдістері, формалары, технологиялары, атап айтқанда кейс-әдісті авторлық түсіндіру жоғары мектеп оқытушылары үшін пайдалы әдістемелік көмек бола алады.

Қорғауға мынадай **негізгі ережелер** шығарылады.

1. Қазіргі университеттің білім беру процесінде болашақ педагогтардың этномәдени, этнопедагогикалық, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша зерттеулердің ғылыми әлеуетін зерделеу және талдау.

2. Біз бөлген коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілік ұғымы болашақ педагогтардың интегративті кәсіби-жеке сапасы ретінде анықталады, олардың этносаралық қарым-қатынастың тиімділігін қамтамасыз ету қабілетінде және оның дайындығы мен полиэтникалық білім беру ортасында білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту функцияларын жүзеге асыру қабілетінде көрінеді.

Университеттің болашақ педагогтарының коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру арқылы біз болашақ педагогтардың этнопедагогикалық коммуникативтік құзыреттілігін игеруге бағытталған білім беру процесін түсінеміз, бұл білім алушылармен-әртүрлі этникалық қауымдастықтардың өкілдерімен табысты өзара әрекеттесуге және оқыту мен тәрбиелеу процесінде кәсіби педагогикалық міндеттерді шешуге ықпал етеді.

3. Университеттің болашақ педагогтарының коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі факторы полиэтникалық білім беру ортасы болып табылады.

4. Болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық процестің моделі-бұл динамикалық логикалық жүйе, оның құрылымдық элементтері білім беру

процесінің мақсаты мен міндеттерімен, қажетті сапаны қалыптастыру факторларымен, формаларымен, әдістерімен, технологияларымен, білім беру процесінің құралдарымен, коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілікті қалыптастыру критерийлерімен, болжамды нәтижемен ұсынылған.

5. Болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту бойынша білім беру процесін этнопедагогизациялау түрлі этнобағдарланған нысандарды, әдістерді, технологияларды қамтиды: ұжымдық-топтық сабақтар (кері байланысы бар дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар-диалогтар (пікірталас, эвристикалық әңгіме), іскерлік ойындар, практика, экскурсиялар және т. б.), этномәдени құзыреттілікті дамыту тренингі; кураторлық сағаттар, түрлі этномәдениет қайраткерлерімен кездесулер, халықтық мерекелер, этнобағдарланған оқу модульдері, арнайы курстар, біліктілікті арттыру курстары және т. б. Бұл этномәдениеттер саласында ой-өрісін, білімін, қажетті психологиялық-педагогикалық және арнайы білімін дамытуды; арнайы курстарды енгізу, аудиториядан тыс қызметті мазмұнды ұйымдастыру арқылы жалпы мәдениетті дамытуды; білім мазмұнына этномәдени мұраны зерделеу бойынша зерттеу жұмысының элементтерін қосуды; болашақ педагогтардың, ең алдымен болашақ педагогтардың, білім алуына бағытталған аудиториядан тыс сабақтар мен шығармашылық іс-шараларды өткізуді, алдағы кәсіби қызметті ұйымдастыруда дәстүрлі мәдениетті пайдалану дағдылары; білім беру бағдарламаларында оқу пәндерінің үйлесімді жүйесінің жұмыс істеуі.

6. Кейс әдісімен болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың авторлық моделі.

7. Болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделінің нәтижелілігін эмпирикалық зерттеу барысында ЖОО-ның полиэтникалық ортасында іске асырылған модельдің тиімділігіне талдау жасалды. Болашақ педагогтардың коммуникативтік-этнопедагогикалық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлері анықталды, олар: жоғары, орташа (оңтайлы) және төмен (жағымсыз). Критерийлер болашақ педагогтардың мәдениет субъектісімен, жоғары адамгершілік пен әлеуметтік белсенділіктің тасымалдаушысымен, азаматпен, еркін, гуманистік, шығармашылық тұлғамен байланысын болжайды.

Біздің әдіснамалық ұстанымдарымыздың сенімділігі, зерттеу мәселесіне теориялық шолудың жеткілікті кеңдігі, зерттеу тақырыбы мен міндеттеріне сәйкес әдістерді таңдау, эксперимент барысында алынған мәліметтердің статистикалық маңыздылығы зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы мен сенімділігін растайды.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертацияның ережелері «Торайғыров университеті» КЕАҚ гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультетінің «тұлғалық даму және білім» кафедрасында талқыланды. Зерттеу нәтижелері 1 халықаралық ғылыми конференцияда (Павлодар – 2023), сондай-ақ,

4 халықаралық ғылыми – практикалық конференцияларда (Могилев – 2018, Саранск 2022, Павлодар – 2022, 2023) ұсынылды. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған журналдарда 3 мақала жарияланды («Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы:» «Педагогикалық ғылымдар» сериясы - Алматы – 2018. – №1 (54); «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы: Педагогикалық ғылымдар» сериясы - Алматы – 2022. – №3 (72); «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы»: «Педагогикалық ғылымдар» сериясы - Алматы – 2022. – №4 (73)). «Scopus» ақпараттық базасына кіретін журналда 1 мақала жарияланды және индекстелді. 1 монография шығарылды және авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік алынды. 2023 жылғы «28» желтоқсан № 41637. Жарияланған жұмыстардың жалпы саны – 10.

Зерттеудің құрылымы. Диссертация кіріспеден, 3 бөлім, қорытынды, 202 дереккөзді қамтитын пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.